

«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Тіл ел-тірегі»

Өткізген: Касымғалиева.М.О

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Тілім менің-тірлігімнің айтағы»

Мақсаты:

Балаларды өз ана тілінде таза сөйлеуге, қадірлен, қастерлеуге тәрбиелеу.
Балалардың үш тұтырлы тілді мегеруіне бағдар беру. Ана тілді білу арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Тіл мәселесі – ежелден қашан да өткір, өзекті мәселе. Халқымыздың өз ұрпағын өз тілінде сөйлетудің өзі арман болғанын көріп, өз келешегін өзі шындап уайымдай бастады. Тілді елдік ұранға айналдыра келген ерекше ғасыр сол мәселені қайтадан күн тәртібіне қойып, 22-қыркүйекті – Қазақстан халықтарының Тілдері мерекесі деп жарияланды. Тарих бетіне қалдырды. Ендігі жерде тілімізді сақтап қалудағы жеңісіміз, еліміз бен елдігімізді, жерімізді сақтап қалудағы жеңісімізбен жалғасты. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан бастап, осы бір атаулы – Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдері күнін жыл сайын мерекелеу назардан тыс қалған емес. Күнгізбемізде атаулы, айшықты мерекелер көп. Алайда Адамзат қоғамынан Тіліміз еншілеген күн-22 қыркүйек. Бұл – біздің атымызды асқақтатып, айбынымызды көтерген төл мерекеміз.

Жүргізуші:

Қазақстан Республикасының Гимні орындалады.

Жүргізуші:

— Балалар, бастамас бұрын мен сендерге бір жұмбақ жасырамын. Сендер сол жұмбақтың жауабын табу арқылы бүгінгі Тіл мерекесіне арналған тақырыбызды аша түсетін боласындар. Олай болса жұмбақты мұқият тыңдандар.

Жағалай-жағалай тас қойдым,

Жирен атты бос қойдым.

(Тіл мен тіс) — Дұрыс айтасындар. Мінекей көрдіңдер ме жұмбақтың жауабы да бүгінгі тақырыбымызбен тығыз байланысты екен я. — Балалар, айтыңдаршы біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Ұлтымыз қандай?

— Біз қай тілде сөйлейміз?

— Біздің ана тіліміз қай тіл? (Балалар сұрақтарға жауап береді)

Жүргізуші:

Туған тілім - бабам тілі - өз тілім Туған тілім –анам тілі - өз тілім. Туған тілім - далам тілі - өз тілім Туған тілім - адам тілі - өз тілім – дей келе сайысқа қатысушы балалар өздері дайындап келген өлеңдерін орындайды.

Софья:

Ана тілім- елдігім,

Ана тілім –ерлігім.

Тілді биік құрметтеп,

Тойлап жатыр ел бүгін.

Ана тілім бал тілім

Өзін барда шалқыдым

Өз тілімде ән шырқап

Термелетіп балқыдым

Әсем:

Тілім барда мақтанам,
Тілім менің аппақ ән.
Бірлігімді бүгінгі,
Ана тілім сақтаған.

Әлі:

Ақыл-ойың дананың,
Ана тілден аламын.
Ана тілім ардақты,
Ақ сүтіндей ананың.

Мадхар:

Ана тілім-тірегім,
Ана тілім-жүрегім
Қасиетті елімнің,
Тек өзіңдеп білемін.
Ал енді балалар, тіл туралы кім таппақ біледі?

Мирас:

Ана тілің — арың бұл
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

Абухан:

Өсірген ой, білімді
Сүйем туған тілімді.
Мақсат етем әр сөздің
Мәнін терең білуді

Әбу:

Ана тілің — арың бұл
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

Заңғар:

Тілім барда мақтанам.
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған.
Ана тілді білмесем
Шат-шадыман күлмес ем
Жер бетінде сайраңдап
Қазақ болып жүрмес ем
Тамаша, жарайсыңдар.

Жүргізуші:

Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс-тіршілігінің көзі,
Ата Заңымен қорғалатын, еркіндігінің үні. Оны сендер де құрметтеп, қорғай
біліңдер. Ынтымағы жарасқан халықтардың бесігі болған шуақты Қазақстанның
бақытты да парасатты, білімді де, еңбекқор ұл-қызы болып өсе беріңдер. Осымен

Құрметті, сүйікті бұлдыршндер, «Тілім менні –тірлігімнің айтағы» атты мәнерлеп
оқу аяқтаймыз.

